

Меркі ауданы аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындарды белгілеу туралы

Жамбыл облысы Меркі аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 29 сәуірдегі №158 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 7 маусымдағы № 3104 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі "Сауда қызметін реттеу туралы" Заңының 27 бабына, "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушы 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 бұйрығының (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 25 мамырда № 11148 болып тіркелді) 102 тармағына сәйкес, Меркі ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Меркі ауданы аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін қосымшаға сәйкес арнайы бөлінген орындары белгіленсін.
2. Осы қаулының орындауын бақылау аудан әкімінің орынбасары М. Өмірбековке жүктелсін.
3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. Көпбосынов

Меркі ауданы әкімдігінің
2016 жылғы 29 сәуірдегі
№158 қаулысына қосымша

Меркі ауданының аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындар

№	Ауыл атауы	Сауда орындары
Ақтоған ауылдық округі		
1	Ақтоған	Ы.Алтынсарин көшесі мен С.Нартбаев көшесінің қиылысының жанындағы алаң
2	Ақтоған	Абай көшесі мен Ы.Алтынсарин көшелерінің қиылысы, "Нұр" дүкенінің алды
Жамбыл ауылдық округі		
3	Жамбыл	Әзімбек Ысмаилов көшесінің бойында ораналасқан ескі жанар-жағар май құю стансасының жаны ("Қошталы" мейрамханасына қарама-қарсы)
Меркі ауылдық округі		
4	Меркі	Қарасу өзенінің күн шығыс жағындағы алаң
Сарымолдаев ауылдық округі		

5	Сарымолдаев	Өзімбек Ысмаилов көшесінің бойындағы "Алкопищепром" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ғимаратының алдындағы алаң
6	Екпінді	Тұрар Рысқұлов көшесінің бойындағы "Қазпошта" акционерлік қоғамы бөлімшесі ғимаратының батыс жағындағы алаң
Ойтал ауылдық округі		
7	Меркі стансасы	Темірбек Қожакеев көшесінің бойындағы "Мадияр" дүкенінің жанындағы алаң
Рысқұлов ауылдық округі		
8	Рысқұлов	Школьная және Стахановская көшелерінің қиылысындағы дүкеннің жанындағы алаң
Ақарал ауылдық округі		
9	Ақарал	Асубай көшесінің бойындағы № 40 үйге қарама-қарсы орналасқан бос жатқан жер учаскесі
10	Сыпатай	Совхозная көшесінің бойындағы құрылысы аяқталмаған дүкеннің алдындағы алаң
Сұрат ауылдық округі		
11	Сұрат	Шөкеұлы Қалдыбай көшесі № 59 (ауылдық Мәдениет үйінің маңы)
Жанатоған ауылдық округі		
12	Қостоған	Рақымбай Құлбаев көшесі ("Ауылым" дүкенінің жанында)
13	Мыңқазан	Сейдіман Жамансартов көшесі ("Мыңқазан" дүкенінің жанында)
14	Қызыл сай	Зейнеп Мұстафаева көшесі (ауылдық клуб жанында)
Андас-батыр ауылдық округі		
15	Андас-батыр	А.Шотайұлы көшесі (орталық наубайхананың алды)
16	Гранитогорск	Орталық аялдаманың жанында
17	Шалдовар станциясы	"Алтай Қарпық" дүкенінің алды
Кеңес ауылдық округі		
18	Кеңес	Қозыкен Көксалов көшесі (Мәдениет үйіне қарама-қарсы)
Ақермен ауылдық округі		
19	Ақермен	Төле би көшесінің Кенен Әзірбаев көшесімен қиылысының оң жағындағы алаң
Аспара ауылдық округі		
20	Аспара	Аспаринская көшесі (дүкеннің алдында)
Тәтті ауылдық округі		
21	Тәтті	"Мирас" дүкенінің оң жағы
22	Ақ жол	"Қарақат" дүкенінің оң жағы